


12007
614

Ақжай ал-Машани

ал-ФАРАБИ
КОПІРІ

0007616



А. әл-Машани. Әл-Фараби гылымы

Ақжан әл-Машани

**КӨП ТОМДЫҚ ШЫГАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ**

Редакциялық алқа:

Сүлеев Д.К., төрага, Абдраман Ш.А. орынбасары, Бакенов М.М., Байысбек Ш., Байгурин Ж.Ж., Кененбай Ы.С., Мухамеджанов К.Е., Отарбай Ж., Машанов Ә.А., Машанов Ф.А., Сыдықов Ү.С., Ыбыраев С.

Бірінші том

«Алатай»
баспа-полиграфиялық
корпорациясы
Алматы 2005




100 лет со дня рождения

2000 г. Атамбаева

Ақжан әл-Машани

ӘЛ-ФАРАБИ КӨПІРІ

(Мақалалар, «Әл-Фараби» романы)



ББК 84 Қаз 7-44
М 32

Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат жөне спорт министрлігі Ақпарат жөне мұрагат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыгарылды

Машани А.

М 32 Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби» романы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2005, 352 бет.

Кіндік Азияда фарабитанудың атасы Ақжан әл-Машани – еуропалықтар Шығыс Аристотелі деп атайдын, дүниежүзілік екінші ұстаз – әл мұғалім әл-сані аталған Абу Насыр Мұхамед әл-Фарабидің Отырардан шыққан Қыпшақ тұмасы екендігін алғаш дөлелдеп, он бір ғасырдан соң ұрлағымен қауыштыруыш ғана емес, баба мұраларын жан-жақты зерттеп, фарабитанудың көпірін тұргызуши.

Ақжан әл-Машанидің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында шыгарылатын көп томдық шығармаларының 1-томына «Әл-Фараби көпірі» ол менің бабам дегізген алғашқы хабарламалары мен мақалалары және Ұлы бабамыздың тұнғыш рет көркем бейнесі сомдалған «Әл-Фараби» романы енгізілді.

Арнаулы редактор және құрастыруушы,
профессор Ш.Абдраман

ISBN 9965-9785-4-9

М 4702250201
00(05)-05

ББК 84 Қаз 7-44

© А.Машанов. әл-Фараби
1970, «Жазушы» баспасы
© А. әл-Машани орталығы
© «Алатау» баспасы, 2005 ж.

ISBN 9965-9785-4-9

ӘЛ-ФАРАБИ және ӘЛ-МАШАНИ. *(Алғы сөз орнына).*

Қазақтың “қазак” атандып тарих сахынасына шығудан 600 жылдай бұрын – Орта ғасырдың басында туған әл-Фарабиді казак еткен кім?

Ұлы Бабаның Дамаскідегі қабірін тауып, мінежат еткен тұнғыш казак кім?

Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы рухани байланысты ашып, казак халқының 1000 жылдық мәдени тарихының желісі - “Әл-Фараби және Абай” зерттеуін берген кім?

Жер ғылыминың жана саласы –Геомеханиканың негізін салушы ғалым кім?

Қазак фантастика жанрының алғаш қазығын какқан кім?

Осы сұраптардың жауабы жалқы. Ол – ғұлама әл-Машани Ақжан Жаксыбекұлы.

Осы жүрт әл-Машаниді біле ме, білсе қандай дәрежеде?

Әл-Машаниға еншілейтін: әрқайсысы жеке-жеке тұлғалық болмысқа ғана тән, тіптен елінің ұлттық рухын жаңғыртуда қауым болып көтерер осындай жүкті дара тартып тындырган ісін түгелдей берсек екі колдың саусағы жетпес еді.

Бұл Ақжан сынды ғұламаның тайғакты жол кеше жүріп: халқымның басқадан несі кем, кетігіне қайтсем қаланамын деп жандуниесін сыйздатқан намыс отының ұлтшылдық арнасында тоғысқан сарқылмас қуат құдіретінің болмыстық нышандары. Ұлттық мұддесін жалау етіп ұлылық тұғырда даралаған әлемдік тұлғалар жоқ емес, бірақ көп те емес. Олардың бәрі де өз халқының мерейін асырған ұлтшылдар А.әл-Машани де ұлтшыл тұлға. Қазір кешегі қасаң заманда құбыжыққа айналған осы сөздің мән-мағынасына барып жатпай оны айналып өтуге тырысамыз. Тіптен, ұлтжанды деп оған балама тапқандаймыз. Сонда адами сананы ұрықтандырып, бүтін этности тарих төріне тартушыларды немесе ұлттық құндылықтар құруышылардың бұл тек ұлтжандылығы ғана ма, әлде өз ұлтын риясис қызметтің басқа халық құндылықтарын бағалай білетіндерді ұлтшыл деп ұлағаттау орынды ма леген мәселе туындары даусыз. “Балажанды”, “малжанды”, “кысжанды”, “итжанды” деген ұғым бар. Құні кеше ғана миллиондаған

жастарды лениншіл дедік, өз отанын күрмет тұтатындарды отаншыл деп те атай береміз. Бірақ оларды ленинжансанды, отанжансанды демедік.

Осындаға елінен жыракта жүрсे де қыпшак тілін орда тіліне айналдырған Бейбарыс бабамызды осы таразының басына салған жөн. Егер сол кезде араб елінде коммунистік идея үстемдік етті ғой, онда Бейбарыс сұлтан ұлтшыл қарғысын тағып Мысырдан Магаданға айдалары анық. Ұлт үшін жасалған ұланғайыр ісімен өкшauланатын ұлылық – ұлтшыл түсінігінің терендігін мегзесе керек.

Философия тілімен айтсақ ұлтшыл – адамның болмысымен біте қайнап бітетін, тек тұлғаның өрекетінде ғана байқалатын – категория. Осы ретте Ғабиден ағамыздың (Мустафинді айтамын): “Ұлтшылдықпен күресіміз деп ұлтыздыққа ұрындық” деген даналық сөзі ойға оралады. Дей тұра біздің мақсат “ұлтшыл” деген тақырыпты талқылау емес, Ақжан хазіретті ұлылық іске бастаған ұлтшылдығымен сабактас істерінен мағлұмат беру. Оның алғашқы нышаны Акжанның инженер-геолог дипломын алған 1939 жылы байкалып еді.

Әл-Машани ғұлама - 2004жылы 70 жылдығын атап өткен Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ҰТУ тұнғыш түлегінің бірі. Оку бітірісімен ол өзін геология біліміне сусыннатқан В.А.Обручевтің, И.В.Мушкетовтың, Н.Потемкиннің окулықтарын қазак тіліне аударды. Ешкім оған солай ет демесе де бұл оның орыс тілін еркін білмегендіктен өзі кезіккен киындыққа, ауылдан келген жастар кезікпесін деген піғылыштан туындаған ізгі ісі еді. Кейін геология саласының жұлдыздарына айналған өзімен бітірген ұлтжандылардың бірі де бұл іске барған жок. Сол жолы геология, кен-ісі салаларынан сөздік түзеді. Бұл кейін, 50 жылдан соң қазак тілі мемлекеттік мәртебеге лайықпа деген мәселе көтерілгенде сонын бұлтартпас айғаққа айналған-ды. Екінші мысал. 1968 жылы Ақжан хазірет Дамаскі барды. Бұл кезен әл-Фарабидің қазак тұмасы үғымының орныға бастаған кезі болатын. Ол –дүкен аралап базарға кеткен сапарластарынан бөлініп, Баб ал-Сағыр зиратынан бабасының қабырын іздеді. Тапты. Сол жолы Сирия үкімет орнына өтініш айтып, баба басына белгі орнатуға мұрындық болды. Бұл хабарды сол күннің кешінде-ак казақстандық

туристер тобындағылар естіді де, бірак сртесіне ұлы бабасынң басына мінажат етуге ниет білдіруші ешкім болмады. Сол жолы Ақаң сапарластарынан белініп, өз каржысымен, кезінде әл-Фараби жүріп өткен Мысыр және Бағдат бағытындағы керуен жолына шықты. Максаты мың жылдан бұрын ұлы бабасының назарына түскен белгілерді көру еді. Жолдастарының арасында жазушы да, ғалым да бар-тын, бірак олардың бірде бірі Ақана сріген жок.

А. әл-Машанидің саналы ғұмырының бүтіндегі санаттық іс-әрекетіне түрткі беріп, ұлтшылдығын ұрықтандырып ғұмырлық ізгі мақсатына азық болған оқиға 1943 жылдың басында болып еді.

Кешегі, Гитлер бастаған екінші дүниежүзлік соғыстан ығысын, батыстан КСРО-ның шығысына қарай қоңыс аударған ғалымдардың үлкен тобын Қ.Сәтбаев маңына жинап, ұлттық ғылым академиясының негізін жасауға жұмылдыған-ды. Сол кезде жіңі өтетін ғылыми мәслихаттың бірінде Чехословакия Академиясын басқарған, математика тарихына жетік Колъман баяндама жасайды. Баяндаманың өзекті мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының ортағасырда ғылымға қосқан үлесіне арналып, олардың есімін түгелдей тізіп шығады ол.

Тұран тарихына құлағы түрік Ақан, аталған есімдердің арасынан өзіне беймәлім әл-Фараби атын тұнғыш естіді. Рас, Маржанның “Тұркістан” поэмасынан “Тұранның кім білмейді мұзыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын” деген жолдары дәл мүндай әсер етпеген-ді. Фараби кім? Өзбек ағайындар именденіп алған әл-Беруни, әл-Хорезми, әт-Туси, әл-Хазни, Ұлықбектер есімдерінен бастай аталған әл-Фараби тегін жан емес сірә. әрі Тұран, қыпшак тұмаларын түгенденеп меншіктеуде бәйгіні бермейтін өзбек ағайындарының білмеуі қалай оны? Тәжікте де жоқ бүл есім. Қазақ болмасын...

Осы кезде басталған диссертациялық зерттеулер, күнделікті істер, соғыстың қысбағы Ақжанға мойын бүрғызбағанмен отқолда бар анықтама әдебиеттердің бәрін сүзіп өтсе де, әл-Фараби есімін көзіктіре алмады. Оны арнайы іздеу қажет... “әл-Фараби қазақ” болмасын деген оқыс туындаған сауалдың “әл-Фарабиді қайтсем қазақ етемін” деген ғұмырлық мақсатқа айналуы - әл-

Фарабидің әл-муғалім әл-сани – дүниежүзілік екінші ұстаз екендігін толық анықтауға алда мүшелге тарта уақыт бөліп жатқандығын ол кезде әл-Машанидің өзі де білмеген-ді.

Адамның жан дүниесіндегі ана сүтімен пайыздайтын ұлттық сезімнің ұлттық тәрбиеге ұласып қай-қайсысымызда этностық болмысты қалыптастырылады емес пе?

Ақжан сынды ғұламаның бойына ұлылыққа бастар ұлт құндылықтар көусарымен ауыздандырған, ұлтшылдық өзегін өрген сол орта сол, ата өнегесі еді.

Әлі тал бесікке бөлене қоймаған нәрестеден күтер ізгі ісін, кешер қызығын өуелден оның есіміне арқалатып, үкілі үміт артар казағымның қашанғы әдеті. 1906 жылдың 2 қарашасында Қарқаралының онтүстік шығысында орналасқан, бұрын "Жамантайдың Қаракуысы" деген жерде Машан бидің кенжесі - Жақсыбектің отбасында дүниеге келген нәрестені ауыл ақсакал-карасақалдары азан шақырып Ақжан деп атап еді.

1. Есенберлиннің «Қаһар» романында есімі Масан би деп, бір әрпі ғана өзгеріліп, ерекше ілтипатпен аталатын Машан би - Құнанбай қажымен үзенгілес, сыйласып өткен замандасы, бұған коса құдандал-жекжаттығы және бар-тын. Кіші келіні - Жақсыбек отауының қазан асары Файшаның төркіні Тобықты болатын. Қарқаралыда мешіт салдырған жылы Құнанбай қажы Машан би үйінде ерулеп жататын еді. Қарқаралы дуанының иғі жақсылары - аға сұлтан Құсбек пен Жамантай (Тұрсын) төреге дейін әділ де, белді би Машанды ішке тарта өзімсініп, ілтипатпен Машекем деп, өсер үрпағына үлгі-өнеге етіп, кадір тұтатын. Машан би дүние салғанын естігенде сол Жамантай төренін: «Машан, Машандай үл туганша қашан» деп құніренгені де, үзенгілесін еске алған кездерде де осы сөзін өркез жиі қайталағандығынан болар, бүгінде ол ел аузындағы қанатты нақылға айналып кеткен-ді.

Сөйтіп, құні кеше ғана бір ауыл түгіл бүтін елге қамкор болған Мәшекендей дана да, абыз карт көз жұмғалы одан қалған әр сөзді өнеге-үлгі етіп, атын әулиеге балап, атанаң тағлимдаттық рухын медеу тұтар ағайындары Машан әулетіндегі туманы асылдың сынығына, тұлпардың тұяғына балауы осыдан еді.

Ақжан аға бойындағы әділдік, сабырлық, ұлтының ұлылығы үшін ұмтылысы, іздемпаздығы, зерек-зерделілігі табиғатымен қоса

жаралған атадан - балаға үрпакқа ұласатын адами қасиеттердің көпірі, Жақсыбек әке және оның ағасы Нөгербек болса керек.

Күйлерді бір кісідей шебер орындайтын әке өнері, егер куса ұлына да қонар ма еді. Кейін “Әл-Фараби және музыка” кітабында сол қара домбыраның қоныр үні баба қағиласын теренделеп түйіндеуге жол сілтегендей еді.

Ақжан хазіреттің шығармаларындағы жиі ұшырасатын казактың кара өлеңі жолдарындағы образдық құдірет таңдандырмай қалмайтын. Бұл әкесінің жиен ағасы ақынжанды Нөгербектің ықпалы. Тек бұл емес Нөгербек тәлімінің Ақжан ағаның фарabitанушы болып қалыптасуындағы ұлағатты ұлгісі де жоқ емес-тін.

Құнанбай мен Машан би жарастығы Шәкәрім-Нөгербек си-ластығымен жалғаскан-ды. Олар ең кем дегенде жылына бір рет Қоянды жәрменекесінде қауышатын. Осындаі бір сәтте ағаға ілесіп тай мініп базар барған бала Ақжан Шәкәрімді көргені де бар-тын.

Бала Ақжан Абай мен Шәкәрім өлеңдерін Нөгербек аузынан талай естіген-ді. Нөгербек Қарқаралы қаласына жақын жerde салынған (кейін жас мұғалім Ахмет Байтұрсынов та ұстаздығын бастаған) Ақтерек мектеп интернатында Ә.Бөкейхановпен бірге оқыған, кейін Әлихандай білім қуып кете алмасада қөкірегі ояу, зерделі аға жиын-мәслихатқа бара қалса, Ақжанды жетек-теп ала кететін-ді. Нөгербектің Шәкәріммен дос жарандығы Ақжан өскен ауылда Абай өлеңімен катар Шәкәрім өлеңдерінің де тез тарауына, қыз ойнақтарда Абай өлеңдері әнге салып ай-тылып кетуіне себепкер болып, бала Ақжан болмысын қалыптастыруға ықпалын тигізбеді емес. Жасы токсанға қарай енкей-ген кезінде де Шәкәрім өлеңдерін тақпактай отырып: “Қажының қазіргі жинақтарындағы өлеңдерде онша айырма жоқ” деп отыруши еді, өз аға.

Абай өлеңдерінің әрбір жолындағы тәлім-тағлимattyн Ақжан бойында азаматтық істі өркендетер өзегіне айналуы сол кезден бастау алса керек.

Кейін Ақанды геология-маркшейдерлік саланың маманы болғанда, абайтануға араластырған жәй осы болатын-ды. Кешегі сұра-пыл соғыс кезінде - 1944 жылы қазақ қауымы Абайдың 100 жыл-

дығын өз дәрежесінде атап өтуге пәтуаласып, ұлы акын шығармаларындағы жаратылыштың ғылымның кай дәрежеде көрініс тапқандығын баяндау К.Сәтбаевтың ұсынысы бойынша А.Машановқа жүктелгені бар. Мұхтар бастаған абайтанушы ғалымдар, жазушылар және зияялдық қауым алдында дана акын хақында, оның шығармаларын ғылыми танымдық түрғыда техника саласы ғылымының айтар ойы қаншама мағыналы да терен болуын тілер еді. Баяндама сөтті шығып, Ақана арткан үміт акталды да. Осы жолдан автры Ақжан ағаға тән тынық ойды қызғылт сиямен маржандай тізілген өріптермен қағазға түскен баяндаманы оқығанды... Өкініші сол, соғыс қыспағынан жариялануы кейінге қалдырылған осынау рухани қазына күні бүгінге дейін ұмыт қалып, архив сөресінде әлі жатыр. Әйтсе де абайтанудағы бұл ізденіс әл-Фарабиді танудағы Ақжан асқан бір бел болатын-ды. Мұны Ақан былай деп түйіндейді: «...Абайды оқып, тағылым-тәрбие алмаған болсақ, әл-Фарабиді сөз етер ме едік... Өзіме шындық жолды іздеуге бағыт берген Абай шығармалары деп білемін» («Әл-Фараби және Абай», Өркен, 17. 06. 1989).

Ақанның пайымдауынша, Абайдың даналық дәрия бастауы - қазак халқының және Шығыстың көне мәдениеті мен өнерінде. Бұның тек Абайға емес, әл-Фарабиге де қатысты екендігіне Ақан күмән келтірмейтін. Себебі, Фараби заманында бүкіл өнер – университеті музика саналып, ғылымның “ғылымы философия” ретінде танылған тұсы ортағасыр болатын. Осы түсініктің Абай заманына дейін каймағы бұзылмай келді емес пе?! Ал ұлы бабаның Арабстанда ғұмыр кешуін, оның ғұламалығын қалыптастыру қажеттілігін мойындаі тұра, Абайдың даналық дариясына орыс мәдениеті бастау болды деген пікірге Ақан үзілді-кесілді карсы болды және осы пигылыштан таймай дүниеден өтті...

Ауылда тай үйретіп асыр салған балалық шақпен ғұламалық кезеңнің арасында оған өмір университетінің талай басқышын басып өту керек болды. Сондай басқыштың бірі Қарқаралыда жатты.

Сол жылы ол қазактың тұнғыш профессоры Қарқаралыдағы Әлімхан Ермеков үйінде оған педагогикалық мектептің талай басқышын беріп оның орнын бар-ды.

Мысалы Ақанды казак әдебиеті әлемінде үркердей көрінген жарқын жұлдыздарының шығармаларымен ауыздандырып, ұлт мәдениетінің ерекшелігін ұрығын зердеде еккен ұстазы Манан Тұрғанбаевты да жиі еске алатын. Жұсіпбек, Мыржакып, Мағжан, Ахметтермен Уфадағы Фалия медресесінде бірге оқыған Маннан өз шәкірттеріне олардың шығармаларының қоздеген көкейкесті мәселесін жеткізе білді. Манан ауызынан бірінші рет естіген Мыржакыптың:

“Мен біткен ойпаң жерде аласа ағаш
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі
Пайдалан, шаруана ал жараса Алаш”

— деген ниетті тілеуі балаң Ақжанның өне бойы қоғамның кетігін ізденіп, қауым үшін қажетті жерге қалануына дайындағандай болды.

Техникумның бірінші жылынан соң-ак бала Ақжан “Саужой” (“Сауатсыздықты жою”) қоғамының мүшесі іспетінде Абыралыға барып, бір жыл ересектерді оқытты. 1928 жылы Бұқіл Одактық санак науқаның да өткерісті. Оки жүре ел аралады, ел аралай жүре елдің жәй-күйіне канықты. 1929 жылы техникумды тамамдап ағартуши атанып, Абыралыға аттанды.

Тарихта “Абыралы көтерілісі” деп аталатын қанды-қасыретті оқиғаның тірі куәгері болып, зұлмат дауылына ұшыраған ауылдардың жәй күйіне жас мұғалім осы жерде кезіктірді. Бұл ел есінде қара түнек өксігі ғұмыр бойы басылмайтындаид ұлт рухын қансыратқан, аштығын жайларатқан, тарихта «тас мешін» атальып кетстін 32-інің қасіретіне киліктіретін оқиғаның бірі болатын... Болашақ әл-Машаниді азаматтық іске жұмылдырған өмірдің тайфакты кезінің ендігі бір сабағы осы еді.

Жігіт Ақжан отыз екінің зұлматына Семейдің облыстық оқу бөлімінде, панасыз балалар бөлімінің нұсқаушысы қызметінде жүріп килікті. Ол аштықтан өзегі үзіліп кеткен ананың бауырында семген шандырды аймалап жатқан нәрестелерді көшеден теріп алатын. Әсіреле, Абыралы көтерілісінен соң әке-шешесі айдалып кеткен тұл жетім сәбілерді жинап әкелген жолы оларды жуындырып, түннің бір уағында Жана Семейдегі бүрынғы Алаш өкіметі орналасқан үйге кіргізіп, бір үзім қара нан ұстаканда аштықтан

жағы қарысып қалған сәбілердің аузын аша алмай енірекен күйі ғұмыр бойы көз алдынан кеткен емес. Сондай қиын қыстау құндердің бірінде кезіккен: «Миллатына қызмет жасаған екенсін, Алладан кайтсын» дейді мән-жайды сұрап білген бұрынғы ұстазы Тұрсынбаев Манан. Өзінің қазір Қазактың кен-металлургия институтының Семейдегі даярлық курсында сабак беретінін айта келіп Ақжанға инженерлік оқуға түсуге ақыл қосады. Бұл 1933 жылдың бас кезі болатын. Шәкөрім қажының да атылғанын Ақжан осы жолы естіді. Осыдан аз-ақ бұрын естіген әке өлімі, барып топырақ сала алмауы, Ә.Бекейхановтың: “одан әрі окуын жалғастыра алмады демесек, “зеректігі жағынан Нөгербек алдына жан салмаушы еді” деп бағалаған, өзіне рухани әке іспетінде санайтын сол Нөгербектің балаларына талғажау ізден жүріп 32 жылы Ақтогай жакта аштан өлуі бөрі жігіт Ақжанның қабырғасын қайыстырган кайғы еді. Шәкөрім қазасы осындай ауыр жағдайды тағы да еске салды. Күйзелтті, бірак күйрете алмады, қасіреттің қарымтасын қайтсем кайтарар екенмін деген кіжініс оны білімге жетеледі.

Айтты-айтпады, егер жігіт Ақжан 1934 жылы институттың студенті болмағанды, 1943 жылы өмірлік, азаматтық биік максатына, рухани азығына айналатын әл-Фараби есімін есту-естімеуі неғайбыл еді. Бұл кезен А.Машановта институттың қызыл дипломды тұлегі деген абырай, өзі бітірген институт аспирантурасын бітіріп, 1944 жылы ғылым кандидаты дәрежесін корғаумен аяқтағандығы туралы ғылымдық лауазым болатын.

1946 жылы Ақжан Машанов докторлық жұмысын қорғаған бетте жана шаңырап көтерген Республика Ұлттық Ғылым академиясының Жер ғылыми бөлімшесінін тұнғыш корреспондент мүшесі болып сайланып, үш академиктің катарында аталмыш бөлімше шаңырағын көтерісіп төрт қанат керегенің бір қанатында тұрып Қанышын президент етіп сайлаған ғылым ордасының құрылтайшысы болып А.Машани есімі тарихқа осылай енді.

Академияның аталмыш бөлімше мүшелері академиктер Сәтбаев, Русаков, Кассиндерге докторлық ғылым дәрежесі олардың енбектерінің жиынтығы бойынша берілді. Әл-Машани докторлығын қорғап шықты. Бірақ Ақан жұмысының хабарсыз кетуіне аппоненті болған Л.С.Либензонның халық жауы болып ұсталып

кетуі кесірін тигізуі де ықтимал, өлде... Өзінің кандидаттық жұмысының одан әрі дамытылып жалғасын тапкан осынау зерттеудің Жер ғылымындағы жана сала геомеханиканың бастауы екендігінін авторы да, жаңа идеяны игерудегі әріптестесі Соболевский мен жетекшісі Рыжовтар да күмәнданған жоқ-тын. Егер докторлық дәреже 10-20 жылдың зерттеуімен шаршап-шалдықтырып барып бой алдыратын жәйді ескерсек бұл жұмысты үш жылға жетпейітін мерзімде тамамдал, корғап шығуы әл-Машанидің ғалым-феномендік қырын танытса керек! Десек те жасаған жұмыстың не бар, не жоқ деген жауабы болмай, жоғалып кетуі адам төзімін түгесер мөхнат екендігін, ал бұдан соң қофамда татымды іс тындыру ерекше азаматтық қайсарлықты қажет етері даусыз. Кеінн «ол қандидат қой» деп жолына талай кедергілер қойылып, өз сыйбағасын басқалардың алып кеткендігін көре жүріп Ақанның жұнжіп кетпей жігерленуі ақиқаттың ак жолына деген сенімінен еді. Осы сенім Ақжан ағаны алғашқы ауыр соққыдан сағын сындырмай сактап та қалды. Әйтпесе докторлықсыз-ақ Жер ғылымында Ақжан Машанов есімін өшірмейтін із қылдырады емес пе!? Зерттеу нәтижесі ғылымның жаңа саласы болып танылуы ғалымдардың бәрінің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт. Шынтуайтында бұл бақыт құсы Ақжан Жаксыбекұлына ғылым ордасының құрлытайшысы болудан кейін, жаңа саланың Қазақстанда мектебін құрып, оның практикалық қолданысының дәлеліне айналған Ақбастау, Құсмырын тәрізді бірнеше полиметалды кен орнын ашуши иегері атануы ол жасаған жаңа ғылымды толық мойындастып еді. А.Машанидің «Механика массив горных пород» (1961); «Основы горной механики» (1972) монографиялары дүниежүзі бойынша осы саладағы іргелі зерттеулердің бірегейі. 1966 жылы неміс тілінде А.Машанидің «О закономерностях развития систем трещин в горных породах» («Берг академии» ГДР, №8) мақаласының жариялануы Жер қойнауы геометриясы (Маркшейдерлік іс) ілімінің отаны Германия ғалымдарының Қазақ ғалымының геомеханика негізін салушы екендігін танудағы тарғы бір дәлелі демекпіз.

Егер Ақанның мамандығы бойынша атқарған қызметіне қоса жарты ғасырға жуық жетекшілік еткен «Маркшейдерлік іс» кафедра жұмысы мен ұстаздығын ескерсек, бір адамға жетіп арты-

лар азаматтық міндегі бұл. Осында жұмыстардың арасынан әл-Фарабиді ашуға, баба мұрасын зерттеуге қажет уақыт пен құшжігердің көзін табу үшін тек Ақжан Машани болып жаратылу керек еді!

Әл-Фараби есімін алғаш естігенде, “сол-казақ болмасын” деген саяул, араға он жылдай уақытты араға салып барып өткенде-Ақан оның Отырар-Фарабтан шықкан ғұламалығына көз жеткізген-ді. “Оны қайтсем де казақ етем” деген санада бекіген шешім сол жолы шын айтпады демесек бұл, ғұламаның ғұмырлық мақсатына айналған серті болып, бақиға аттанғанша өзгермей кетті.

Баба жайында деректердің шетел кітапханаларынан табуға күмәнданбаған Ақан сирек кітаптардан сый-сыйапатын қосып тілек хатын Берлин, Лисабон, Париж, Каир, Мадрид калаларына жолдады.

Әл-Фараби енбегі табылар деген елдің бәріне баруға қаражатта, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның алдында Москва, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған мағлұмат пен деректердің ішінде шетелдерден алынған: неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби енбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының фотокөшірмесін сұратып алуға тұрткі болады. Сөйтіп Ақжан ағаның қолында 1958-60 жылдары әл-Фарабидің оншакты шығармасы және оның енбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы деректер Ақжан аға Қаныш атына жазылған анықтама өтініште әл-Фараби мұрасын зерттеу қажеттігінін дәлеліне айналып, президент К.Сәтбаевтың «орындалсын» деген бұрыштамасы Машани көнілін тасытқан алғашқы колдау алған тарихи оқиғаға айналып еді. Сөйтіп, 1943 жылдан соң 1960 жылдың қарашаның 15-де ғылым ордасы ғимаратын жанғыртқан әл-Фараби есімі екінші рет аталған-ды. А.Машанидің XX ғасырдың 61 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шықкан қазақ перзенті екендігін бүлттартпас дәлелдерін КР ҰҒА Хабаршысында жариялады. Сөйтіп әлемдегі екінші ұстаздың казақ перзенті екендігін дүниежүзін реесми мойыннатқан құжат осылайша туды (Қазақ ССР ҰА-ның хабаршысы, - 1961, № 5, 105-106 бет). Бұған қоса 1962 жылы А. Машани әл-Фарабидің философия

Үйренушілерге бағышталған 9 трактатын қазақ тіліне аударып және суретімен «Білім және еңбек» (1962, № 1, көзіргі «Зерде») тұнғыш рет үрпағын ұшырастырырды. Бұл, ұлы бабаның қазақ тілінде тұнғыш сөйлеуі еді. Мақаланы Ақаңның колынан алғып редакцияға әкелген едім. Бүгін де оның алғашкы окушысы болғандығымды тағдырында сыйына балаймын.

Ақжан ағаның ұлы бабасының кіндік қаны тамған Фараби-Отырар каласының орнындағы үйіндіге бара жүріп, аржағындағы Тәшкент шаһарына соқпай кетпеуі мүмкін еместін. Түркі тарихын өзіне меншіктеп алуда алдына жан салмайтын өзбек ағайындарының өдегі Ақана таныс. Әл-Фарабиді қазақ етер казықты қағып алған соң да, Ақан ташкенттік әріптестерінің әрекетінен корғану үшін әлі де тер төгерін білді де.

Фарабиді іздеу сапарын Ташкенттен бастаған Ақан ондағы - Бириуни атындағы Шығыстану институтында әл-Фараби туралы ешқандай деректін жок екендігіне көзі жетті, әрі өзбек ағайындары әл-Фараби есімін мүлде естімеген болып шықты. Институт директорының орынбасары Мұзафар Хайруллаевтың Ақан жиынған әл-Фараби тұрғысындағы азды-көпті мәліметтеріне таныр-кауында шек болмады. Оның болашақ докторлық диссертация тақырыбының тағдырын сол жолы анықтауга Ақан себепкер болды, баба хақындағы қолда бар материалмен бөлісті, «әл-Фараби-ге көз алартпандар» дегендегі жоғарыда келтірілген Академия хабаршысы мен «Білім және еңбек» журналдарын сыйға тартты.

Әйтсе де Ақжан ағаның бұлтартаңпас дәлелді құжаттарын коре тұрса да өткен ғасырдың алпысынышы жылдың басында: «Мына сөлде киген молдан кім өзі, қазак болса руы кім екен, еңбегін неге арабша жазған?» деп қазақ ғалымдары ит-тартысмен өткерілген 3-4 жыл ішінде әл-Фарабидін өзбек тілінде бірнеше мұрасы жарық көріп, бұл кезде Хайруллаев Ақан ұсынған тақырыпты игеріп, әл-Фараби философиясынан докторлық диссертация корғап алғып, енді қазактың ұлы перзентін өздеріне еншіләй бастаған-ды. Осындағы әңгімені Ақжан әл-Бириунидің 1000 жылдық мерейтойына барған жолы естиді: «Ақжан-ака, әл-Фараби заманында қазақ-өзбек еншісі бөлінбекен ел еді ғой, енді оны қазақ тұмасы деп бөле тартпай-ак, өзбек халқына да ортақтастыра бермейміз бе?» - дегендегерге Машанов: «Түрк тумаларын боліп-

жару казактан басталған жоқ-тын. Науаи, әл-Бируни, әл-Хорезми туған кездерде де казак пен өзбек еншісі ортақ емес пе еді? Қазак жері - Отырарда туған әл-Фарабиді ортақ еткілерініз келсе, онда өздерініз жеріне қарай еншілеп алған өзге даналарды да ортактастырайык» - деген-ді... Сол кезде Қазақстандағы фараабитанудан ауыз толтырлық Машанов бастамасынан хабардар Мұзафар: «Құп, Фараби казақ болсын, Ақжан-ака. Бірак сіз Ташкентке келіңіз, Бабанды тануға сізге барлық мүмкіншілік тудырылады», - деп қазак ғалымдарының арасындағы баба мұрасына атусті қозқарастан хабардар Мұзафар Фарабиді өзбек етудің енді басқа бір айласын ұсынған болатын. М.Хайруллаевтың әл-Фарабиді ташкенттік еткісі келген пиғылы 1971 жылы Мәскеуде өткен халықаралық конгрестің 13-інші мәжілісінде, яки ұлы бабанын ЮНЕСКО тарапынан 1100 жылдық мерейтойын өткізу мәселесі сөз болғанда тағы бір бой көрсетті. Осының кесірінен ұлы бабаның мерейтойын өткізу мәселесі қыл үстінде қалып еді. Оқиға былай болды: М.Хайруллаев сөз алып: «әл-Фарабидің мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция тек Ташкентте өткізілуге тиісті бізде баба мұрасы материалистік түрғыда әділ бағаланды», - демесі барма? Мәжілісті басқарушы Египет ғалымы столды қойып-қойып қалып, орнынан атып тұрып: "Ислам ғылымының алыбы әл-Фарабиді марксизмге жүндетеуге бере алмаймыз. Ғұламаның мерейтойы өзі ғұмыр кешкен араб елінде өтеді», - дейді.

Осындағы қысылтаянда Алланың құдіретін мойындарар бірер сөзді араб тілінде айтып, А.Машанов төрағадан сөз сұрайды. Өз тілінде тілек еткендігінен бе, төраға сабасына түскендей болады, Ақана сөз береді. «Әл-Фарабидің туған қаласы Фараб-Отырар жері де, елі де Қазақстан», - дей келіп, казақ ғалымдарының баба мұрасын игерудегі иғі істерін тізіп шығады да, Ақан - төрағаны және басқа ғалымдарды - бүтін Араб, Шығыс елдерінің Ортағасырдағы ислами ғылымы жұлдызының кіндік қаны тамған Отаны - Қазақстанға шақырды. «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Қазақстанда тойлансын» дейтін қаулы қабылданар мәслихатта Ақан қуә болған оқиғаның бір көрінісі әлгіндей еді. Бұл кезде Ақан әл-Фараби мұрасына арналған 32 еңбекті шыға-

рып үлгерген еді... Жә, сөзімізді жалғайық.

Сол жолы Ташкенттен ештең таппаған Ақжан Азия және Қазақстан мұсылман қауымдастығының бас муфтиi, араб тіліне жетік Зиалиддин Бабаханмен танысып, «Фараби жайлы мәліметті Уфа, Қазан медресе-мешіттер архивінен іздестір» деген пікірін медеу тұтып, ат басын сол жаққа бұрған еді.

Кезінде қазақ зияллылары білім алған Ғалия медресесінің кітапханасы Уфа мешітінің қарамағында бәз-баяғы калпында сакталған еken. Ақаң содан әл-Фарабидің үш кітабын бірден тапты. Оның бірі неміс аудармасы, ол өзінде бар-тұғын. Ал 1907 жылы Каирде шыққан екі кітапта ұлы бабаның он екі енбегі және өміrbаяны жинақталыпты. Мешіт имамы Камал Башари қази әл-Фарабидің казак-қыпшак тумасы екендігін естіп: «Біз оны араб ғалымы деп жүрсек» деп қуанып қалады, сол кітаптың бірін Ақана сыйға тартып, Қазандағы Маржани медресесінде, кезінде әл-Фараби логикасы (мантих) жеке дәріс ретінде оқытылғандығы туралы айтады. Шынында да Шоқанның замандасы, әрі досы Шагабутдин әл-Маржани әл-Фараби ғылымын жоғары бағалап, медреседе оның “мантих” (логика) енбегін арнайы зерделеткен, басқа мұрасынан да арнаулы дәріс оқытқан-ды. Осылайша әл-Фараби есімі Қазан-Уфа медреселерінде мәлім болған. Демек Ш.Маржани шәкірттері жүрген жерінде әл-Фараби есімін атамауы мүмкін емес еді. Абай әл-Фарабиді білді деген дәлел Ақанда осылай туған-ды.

1971 жылы Москвада өткен ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-конгресінде әл-Фарабиге арналған симпозиумде А.Машани бастаған Қазақстан ғалымдарының зерттеулері әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференцияны СССР-де, Қазақстанда өткізуге шешім алуына негіз болды. Сөйтіп, ұзак жылдар бойы дүниежүзілік «екінші Аристотель» аталған әл-Фарабиге арналған ғылыми форум 1975 жылы кыркүйектің 8-13-де Москвада басталып, ұлы бабаның өз отаны Қазақстанда - Алматыда аяқталған болатын. Осы кезенде А.Машани әл-Фараби мұраларын игеруге арналған 32 ғылыми енбектер жариялад үлгерді. Оның 5-еуі жеке кітап, монография болатын. Мұның ішінде «әл-Фараби» (1970) тарихи романы да бар еді.

Бұл қазак әдебиетінде әлемдік екінші үстаздың көркем бейнесін сомдаған тұнғыш, шығармасы болып қалды.

А.Машани соңғы демі таусылғанша саналы ғұмырының жарты ғасырлық уақытын әл-Фараби мұрасын зерттеуге арнады. Қазақстан ғалымдарының ішінде ұлы Бабаның ғылыми өмір тарихын жасауда тенденсі жоқ мұра қалдырыды және әл-Фараби қағидаларының бүгінгі ғылымдағы көріністері мен қазактың дүниетанымдық пайымдауларын сабактастыра зерделеуде фарabitану методологиясының ғылыми ислами негізінің концепциясын жасады. Қазір жарияланған 300 астам еңбекі, шығармалары белгілі. Мұның дені кітаптар. Ал, ғылыми ислами сабактасатын фарabitануға бағышталған 200 баспа табаққа тарта жарық көрменген колжазбалары және бар.

Мен Ақжан ағамен алғаш жүздескен күннен бастап фанидан өткенше катынасымды үзіп көрген емен. Тек өндірісте болған жылдары күніге, айна кездеспедім демесем, Алматыға жыл үздірмей келіп жүргенімде, әз ағаға сәлем беруден жаңылған кезім болған жок-тын. Сондай кездердің өзінде де әңгіме өзегі фарabitану төнірегінде өрбитін-ді. Енді бажайласам аттай қырық жыл бойы арамыздағы катынас үнемі өрбүде болған еken. Әсіресе, 1973 жылдан бастап, ағаның соңғы демі таусылған 1997 жылдың мамырына дейін Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетінде істей жүріп, күніне кем дегенде екі-үш мәрте ұшырасатынбыз. Осы аралықта Ақаң қаламынан тұған зерттеу колжазбасының денін, алдымен маған оқуға беретін немесе машинкаға бастыруды тапсыратын және ойдағы істелер жоспарларын да көбіне маған айтып, пікірімді білгісі келгендей де болушы еді. Мұны айтуымның себебі мынада.

Сол жылдары “ұлтымды ұлықтаймын” дейтін тізгінің үстайдардың, әсіресе баспалар мен шығармашылық мекемелерінің басшыларының бір де бірі телефон шалып, “Ақа, фарabitанудан неніз бар?” деушілердің болмағандығы тәуелсіздігіміздің алғашкы сәтінде-ак “Фараби заманы туды” деп мақала жазған Ақжандай азаматтың фарabitануға бағышталған осыншама колжазбасының сол күйінде жатып қалуының басты себебі болды-ау деймін. Демек, 2001 жылы Аканың 60 жылдай енбек еткен, өзі бітірген Қаныш Сәтбаев атындағы Қазак ұлттық техникалық

университеті жанынан әл-Машани Орталығын құруға мұрындық болудағы көзделегенім әл-Машани мұрасын қайтсек рухани көдемізге айналдыра аламыз деген ниет еді.

Кешегі науқаншылдықтың санамызда сініп қалғандығы сондай, егер елеулі оқиға болмаса Ақан дүниесінің әлі канша жыл сарапта болып жата беретіндігін бір құдайға аян. Демек, маған науқандық іске себеп іздеу қажет болды. Ол әл-Машанидің 2006 жылғы туғанына 100 жыл толатындығы және осы мерейтойды ЮНЕСКО шенберінде өткізу мүмкіндігі еді. Әл-Машани Орталығының мұрындық болып, туыннатқан қоғамдық пікірі, тиісті мекемелерге жасаған ұсыныс хаттары – бәрі, бәрі әл-Машанидің аталмыш халықаралық ұжымның шенберінде атальып өтетін даталар тізіміне енумен мөресіне жетіп еді. Осы іспен қатар Ақанның енбектері жинақталып оның электрондық нұсқасы колға алынды. Сөйтіп, ғылыми енбектерін қоспағанда әл-Машанидің 14 томдық мұрасының нұсқасы жасалынды.

Біз әрбір томға кіретін енбектер мен шығармалардың басылуы мен жазылуының хронологиялық ретін сактауға тырыстық. “Әл-Фараби көпірі” атауымен ұсынылып отырған осы жинақ Ақанның 5 томына енетін шығармалардың ортак тақырыбы етіп алынды.

Жинақ екі бөлімнен құрастырылды: бірінші бөлімге Ақжан хазіреттің бабасы әл-Фарабидің Отырарда-Фараб қаласында кіндік каны тамған қыпшак-казак перзенті екендігіне өбден көз жеткізіп, сол жаңалығының бүлтартпас дәлелін ғылыми негізде 1961-1962 жылдары ғалымдар қауымына және калың оқырмандарына ұсынған енбектерінен бастап, ұлы бабасының сансалалы ғылыми қырынан мағлұмат беретін мақалалары енгізілді. Осы бөлімде Ақанның 1960 жылы Қаныш Сәтбаевка жазған реєми хатын косуды да жөн көрдік. Өкініштің сол, әл-Фараби мұрасын зерттеуді қызу колдаған Қаныш ағаның бүл іске катыспауы. Ажал кай кезде уақытылы келген!

Кітаптың екінші бөлімінде 1970 жылы “Жазушы” баспасынан шықкан танымдық-тариҳи “Әл-Фараби” романын оқушы назарына екінші рет ұсынылып отыр.

Ақжан әл-Машани романында сонау Орта ғасырдағы білім ордасының үлкен отауы санатындағы Отырар мешітінің бірінде

шакырылған азан макамына еліткендей күй кешкен ата жетек-теген әлжуа Әбу Насырдың медресе алдындағы көңіл толкуынан басталып өлемдік екінші ұстаз атандырған ұлы бабаның ғылыми қалыптасу болмысын шынайы шындықта шындастындай көркем бейнесі сомдаған. Ал, кітаптағы ғылыми танымдық макалалармен танысқан окушы дүниежүзілік екінші ұстаз атанған ұлы бабасының ғылыми өсу жолымен жалғастырап көпірді сезінері талассыз. Демек Ақжан әл-Машани ұлы бабаны үргағымен жалғастырап - әл-Фараби көпірі болып қала бермекші.

*Шамшиден Абдраман
профессор*

**I. ӘЛ-ФАРАБИДЫ ТАНЫТУ
ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТИ
АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВҚА**

Отырағ-Фараб (Түркістан мен Арыс арасындағы) қалада руы Қыпшақ түркі отбасында дүниеге келген ұлы ғалым әл-Фарабидің қазақ тұмасы екендігі өзінізге мәлім. Орта гасырдың басында-ақ әл-Фараби Платон, Аристотель және басқа да Антикалық ғалымдар-га (“бірінші ұстаздарға”) түсінік берген энциклопедиялық ғұлама. Сол себепті де оны екінші ұстаз - әл мугалім әл сани деп атаган. Әл-Беруни, Авиценна және басқа ғұламалары оны өздеріне ұстаз тұтқанды.

Әл-Фарабидің: математика, астрономия, химия, география, геология, философия, медицина, музыка тәрізді ғылым мен өнер салаларына арнаган еңбектері 100 асады.

Бірақ, өкінішімізге қарай ССРО-дан оның бірде бір еңбегін таба алмадық.

Көптен бергі ізденісіміздің барысында біз жуырда кітапхана аралық, абонентті бойынша Лейденнен (Голландия) үш кітап алдық. Оның ішінде екеуі араб тіліндегі әл-Фарабидің өз еңбекі.

1) “Рисала фисус аль-Хаким” (“Ғылым маржсаны”)

2) “Рисала . . . аль-Мадина . . . аль-Фабила” (“Қала үлгісі”).

Осы кітаптар (1890-1895ж.ж.) проф. Джетерецтің неміс тіліндегі алғы сөзімен шыққан.

Ал, үшіншісі проф. Брунеллің неміс тіліндегі 200 беттік “Әл-Фараби бойынша мемлекетті басқару” (1904ж.) кітабы.

Осы үш кітаптың да ғылыми мәні өте жоғары. Сондықтанды оларды фотосуретке және микрофильмге түсірдік. Және оларды қазақ, орыс тіліне аудару қажет. Сізден осы жұмысты кітапхана арқылы қаржыландыруга нұсқау беруіңізді өтінеміз.

Қазак ССР ҒА корр. мүшесі

А.Ж.Машанов

Қазак ССР ҒА ОФК директоры

Ахмедова Н.Б.

15/XI.1960ж.

Сол күні Қаныш аға “Келісемін. Іске асырылсын” деп өз колымен хатқа бұрыштама қойыпты